«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100003, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 12 үй
Тел. 8 (7212) 56-31-35, факс: 8(7212) 56-80-98
ЖСК KZ92070101KSN0000000 БСК KKMFZ2A
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
БСН 000440001606

100003, город Караганда, ул. Ленина, 12
Тел.: 8 (7212) 56-31-35, факс: 8 (7212) 56-80-98
ИИК KZ92070101KSN0000000 БИК KKMFKZ2A
РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК»
БИН 000440001606.

14.09.2021 № 4-5/4615

«Tau city-77» ЖШС

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті (*бұдан әрі - Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 02 қыркүйегіндегі №119833 шағымыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

www.goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында «Ұлытау ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің ұйымдастыруымен 28.07.2021 ж. «Ұлытау селосына жарық бағаналар орнату» жұмысына ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы № 6120776-1 конкурс жарияланған.

25.08.2021 ж. №6120776-ОК1 нәтижелер туралы хаттама бойынша «МегаСтройСпектр» ЖШС әлеуетті өнім берушінің өтінімі біліктілік талаптарына сәйкес деп танылды.

2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434 "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптары қойылады.

Конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасындағы ескертпенің 1-тармағына сәйкес, құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және қолданыстағы объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген **материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.**

Бұл ретте осы қосымшаның 4 және 5-тармақтарының талаптары мұндай әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

Осылайша, тиісті хабарламасы бар әлеуетті өнім берушілер материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растамайды.

Жүргізілген камералдық бақылау нәтижесінде «МегаСтройСпектр» ЖШС әлеуетті жеткізушісінің біліктілік ақпаратында, электрмен жабдықтау желілерін және сыртқы электрмен жарықтандыру құрылғысын, электрмен жарықтандырудың және электрмен жылытудың ішкі желілерін қамтитын инженерлік желілер мен жүйелерді орналастыру бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) жарияланғанын анықтады.

Осыған байланысты әлеуетті жеткізуші «МегаСтройСпектр» ЖШС-нің өтінімін қабылдамауға негіз жоқ.

25.08.2021 ж. №6120776-ОК1 нәтижелер туралы хаттамаға сәйкес, конкурстық комиссия Сіздің өтініміңізге жұмыс тәжірибеңізге - 3,6 % мөлшерінде шартты жеңілдік қолданған.

Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (бұдан әрі - қағидалар) 155-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер (жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс нысанасы болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына **жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.**

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсер конкурстық құжаттаманың 5, 5-1-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

Конкурстық құжаттаманың 5-1-қосымшасындағы ескертпенің 4-тармағына сәйкес, жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар орындалған жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

Сонымен, Сіздің өтініміңізге жүргізілген камералдық бақылау нәтижесінде, біліктілік туралы мәліметтерде сатып алынатын жұмыстарға және қоса берілген құжаттарға сәйкес жұмыс тәжірибесі мәлімделген және шартты жеңілдік – 5% құрайтындығы анықталды.

Осылайша, Конкурстық комиссия Қағиданың 155-тармағын бұза отырып, Сіздің өтініміңізге шартты жеңілдіктің есебін дұрыс жүргізбеген.

Осыған байланысты, Департаментпен «Ұлытау ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ ұйымдастырушының атына бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91 бабына сәйкес, әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Сонымен қатар, Заңының 47-бабы 9-тармағында, көзделген дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшы **М. Байдурин**

Канжанов Д.
8(7212) 42 55 80